

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.4. - Б.251-255

## **АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ЕСЕБІН ҰСЫНУ МЕН ТАЛДАУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Оразтай С. - магистрант*

*Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті, Астана*

*Қ.*

*Қалмаханбет О.*

Ақша қаражаттары - ұйымның ең өтімді активтері. Оның бар болуы, жеткіліктігі мен қозғалысы кәсіпорынның ағымдағы жағдайын, төлем қабілеттілігін, инвестициялық тартымдылығы мен іскерлік белсенділігін сипаттайтын көрсеткіштер жүйесін анықтауға мүмкіндік береді. Ұйымның шаруашылық операцияларының барлығы: өнімді сату, есеп айырысулар, жалақы төлеу, несие алу, несие өтеу және т.б. ақша қаражаттарының қозғалысымен байланысты. Сол себепті есеп жүйесінде ақша қаражаттарының есебінің ұйымдастырылуы мен жүргізілуіне ерекше мән беріледі.

Ақша қаражатының есебінің негізгі мақсаты – ақша қаражатының мақсатты қолданылуы, оның қозғалысын және бағыттылығын қамтамасыз ету. Осыған қоса ақшамен жүргізілетін операциялардың нормативті құқықты құжаттарға сай келуін; толық және уақыттылы құжатталуын; уақыттылы және нақты аналитикалық есебін жүргізу; толық және уақыттылы ақша қаражатының тексерісін жүргізу; банк арқылы қолма – қол ақшасыз төлемдер жүргізу.

Компанияның қаржы есептілігін пайдаланушыларды компанияның ақша қаражаттары мен ақша баламалары қалай қалыптасатыны және қандай бағыттарға жұмсалатыны қызықтырады. Мұндай ақпарат қаржылық есептіліктің 4-нысаны «Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепте» көрініс табады. Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп (қаржы есептілігінің қалған нысандарымен бірге) пайдаланушыларға компанияның таза активтеріндегі өзгерістер, оның өтімділігі мен төлем қабілеттілігі, ақша қаражаттарының кірісі мен шығысының арақатынасын бағалауға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, ақша қаражаттарының қозғалысын талдаудың маңыздылығы келесілермен байланысты:

- ақша ағымы кәсіпорын қызметінің барлық аспектілерінің жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді;
- оңтайлы ақша ағымы кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы мен төлем қабілеттілігін қамтамасыз етеді;
- ақша ағымын ұтымды үйлестіру кәсіпорын қызметінің ырғақтылығына әсер етеді;
- ақша ағымдарын ұтымды басқару арқылы кәсіпорын несие капиталына қажеттілікті кеміте алады;
- ақша ағымдарын оңтайландыру капитал айналымдылығын жеделдетеді;

– ақша ағымдарын оңтайландыру нәтижесінде босаған ақша қаражаттары өндірісті кеңейтуге, сауда айналымын өсіруге, нәтижесінде табыстың өсуіне ықпал етеді.

Шаруашылық қызметі барысындағы (тоқсан, жыл) ақша қаражаттарының қозғалысы ақшаның кірісімен, ақшаның шығысымен және ақша ағымының сальдосымен (таза ақша ағымы) сипатталады.

Ақша ағымы операциялық, инвестициялық және қаржылық қызмет түрлері бойынша есептелген ақша ағымдарынан құралады.

Халықаралық қаржы есептілігінің «Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп» стандартына сәйкес (7 ҚЕХС):

– операциялық қызмет – компанияның кіріс келтіретін негізгі қызметі және инвестициялық және қаржы қызметінен айырмашылығы бар басқа қызмет;

– инвестициялық қызмет – ақша қаражаттарының баламаларына жатпайтын ұзақ мерзімді активтер мен басқа да инвестицияларды сатып алу және сату;

– қаржылық қызмет – компанияның меншік капиталы мен заем қаражаттарының мөлшері мен құрамындағы өзгерістерге әкеп соқтыратын қызмет [1].

Операциялық қызметтің негізгі нәтижесі өндіріске тартылған инвестицияға алынған пайда болып саналады. Сол себепті операциялық қызмет бойынша ақша ағымында өнімді өндіру мен өткізумен байланысты барлық табыстар мен шығындар, салықтар есепке алынады.

Инвестициялық қызмет бойынша ақша ағымының шығысына негізгі құралдарды сатып алуға, орнатуға, іске қосу мен жоюға, істен шыққан негізгі құралдарды ауыстыруға, модернизациялауға кеткен шығындар, сыртқы инфрақұрылым объектілерін қалыптастыруға кеткен шығындар жатады. Егер инвестициялық жоба кәсіпорындарды, пайдалы қазба орындарын не басқа да дайын объектілерді толықтай сатып алуды қамтыса, онда оларды сатып алу шығындары да ақша ағымының шығысына қосылады. Инвестициялық қызметтен ақша ағымының кірісін істен шыққан активтерді сатудан түскен табыстар құрайды.

Қаржылық қызмет бойынша ақша ағымының кірісіне меншікті (акционерлік) капиталдан салымдар, субсидиялар мен дотациялар, сырттан тартылған қаражат жатады. Тартылған несиелердің негізгі бөлігі мен өсімін қайтару, төленген дивидендтер ақша ағымының шығысына жатады.

Қазіргі уақытта өзінің қаржылық есептілігін ҚЕХС талаптарына сай дайындайтын көптеген компаниялар ақша қаражаттарының қозғалысының есебін дайындауда кедергілерге кездеседі. Оның басты себебі – ҚЕХС компанияларға ақша қаражаттарының қозғалысының есебін дайындауда ақпаратты ашу мен ұсынуда, есепті дайындау әдісін таңдауда салыстырмалы түрде еркіндік беруімен байланысты.

Операциялық қызмет бойынша ақша қаражаттарының қозғалысының есебі тікелей немесе жанама әдіспен дайындалуы мүмкін. Инвестициялық және қаржылық қызметке қатысты тек тікелей әдісті қолдану қарастырылған. Тікелей әдіс ақша қаражаттарының қозғалысының есебінің көрсеткіштерін түсіну мен

компанияның қаржылық жағдайын талдау тұрғысынан ақпаратқа бай. Бірақ ақша қаражаттарының қозғалысының есебін тікелей әдіспен дайындау үшін ақша қаражаттарын неғұрлым бөлшектеп жіктеу қажет, бұл әдістің еңбек сыйымдылығы да жоғары. Бұл әдіс қаржылық есептілікті автоматты түрде дайындау жоғары деңгейде қолайлы.

Ақша қаражаттарының қозғалысының есебін жанама әдіспен дайындау шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауда кеңінен қолданылады және есептің мұндай нұсқасы жариялық есепті биржада орналастыруда талап етіледі. Мұндай талаптың елімізде 2012 ж. бастап «Халықтық IPO» бағдарламасының жүзеге асырыла басталуымен өзектілігі арта түсті. Қазақстанда «Халықтық IPO» 2012 жылдың желтоқсан айында «ҚазТрансОйл» (ҚТО) АҚ акцияларын орналастырған сәттен басталды. Бағдарлама аясында мемлекеттік қатысуы бар басқа да компаниялардың: «KEGOC» АҚ, «ҚазТрансГаз» АҚ акцияларын бастапқы орналастыру іске асырылды.

Бірақ жанама әдіспен дайындалған есептің көрнекілігі төмен, ақша қаражаттарының қозғалысын бақылау да қиын. Сол себепті ақша қозғалысын қатаң бақылап, жоспарлайтын ірі компаниялар ақша қаражаттарының қозғалысы туралы 2 есеп дайындайды: біріншісі – тікелей әдіспен, екіншісі – жанама әдіспен. Бұл жағдайда бір есептің мәліметтері екіншісінің мәліметтерімен салыстыру, тексеру үшін қолданылады. Мұндай бағыт компания менеджменті мен ақпаратты пайдаланушыларды шешім қабылдау үшін қажетті барлық ақпаратпен қамтамасыз етеді, бірақ еңбек шығындары да мол.

Ақша қаражаттарының қозғалысының есебі қай әдіспен жасалмасын, ол компанияға келіп түскен ақша қаражаттарының көздерін, олардың жұмсалуды мен пайдаланылу бағыттарын көрсетеді. Қаржылық есептіліктің бұл нысаны стратегиялық қаржылық талдау үшін де өте маңызды, себебі оның негізінде келесілерді анықтауға болады:

1) қандай да бір уақыт аралығындағы (ай, тоқсан) ақша ағымының ырғақтылығына баға беру үшін ақша ағымының өтімділігінің коэффициенті есептеледі (кезең ішіндегі ақшаның кірісі/кезең ішіндегі ақшаның шығысы). Коэффициенттің мәні 1-ден жоғары болса, онда кәсіпорын өзінің міндеттемелерін оң ақша ағымы есебінен өтей алады деген сөз;

2) ақша қаражаттарымен қамтамасыз етілу коэффициенті – кәсіпорын ақша қаражаттарының қосымша кірісісіз қанша уақыт бойы жұмыс істей алатынын сипаттайды (ақша қаражаттары орта шамасы/операциялық қызметтен ақша шығысы);

3) операциялық қызметтің ақша ағымының міндеттемелерді жабу деңгейінің коэффициенті (операциялық қызмет таза ақша ағымы/Қаржылық қызметтен ақша шығысы). Коэффициенттің мәнінің жоғары болуы кәсіпорынның өз міндеттемелерін меншікті қаражат есебінен өтеу қабілетін көрсетеді;

4) операциялық қызметтің таза ақша ағымының міндеттемелер сомасына қатынасының коэффициенті (Cash Flow to Total Debt Ratio). Бұл көрсеткіш компанияның өз міндеттемелерін операциялық қызметтің нәтижесі арқылы өтеу мүмкіншілігін сипаттайды. Бұл көрсеткіш қаржылық тұрақтылықты сипаттаушы әдеттегі көрсеткіш қаржыландыру коэффициентінің тікелей

бәсекелесі. 1966 ж. өзінде-ақ В.Бивер (W.H.Beaver) компаниялардың қаржылық тұрақсыздығын ақша ағынының жиынтық міндеттемелерге қатынасы нақты бейнелей алатынын байқаған [3].

ҚЕХС сәйкес ақша қаражаттарының қозғалысының есебінің қатаң белгіленген нұсқасы жоқ, 7 ҚЕХС есепті дайындаудың жалпы қағидаларын ұсынады. Біздің елімізде қаржылық есептіліктің барлық нысандарының жалпы нұсқасы ҚР Қаржы министрлігі тарапынан қатаң реттеледі. Дегенмен, елімізде ұйымдарға ұсынылған есеп формаларын өзгертуге рұқсат етілгенімен, есептілікті салық органдарына тапсыру барысында туындауы мүмкін кедергілерге орай мұндай мүмкіндікті іс жүзінде ешбір кәсіпорын пайдаланбайды.

Ақша қаражаттарының қозғалысының есебін тікелей әдіспен дайындаудың айтылып өткен артықшылықтарымен қатар, кемшілігі мен негізі мәселесі – өңделуі тиісті ақпараттың шамадан тыс көп болуы, бірақ ол есеп үрдісінің автоматтандырылуы жағдайында оңай шешіледі. Келесі кемшілігі – ақша қаражаттарының қозғалысының есебі жүргізілетін шоттардағы өзара есеп айырысулар бойынша айналымдарды есепке алмаумен (мысалы: касса мен банк), шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау барысында топқа енетін компаниялар арасындағы ішкі айналысты шегеру қажеттілігімен байланысты.

Ақша қаражаттарының қозғалысының есебін жанама әдіспен дайындаудың басты артықшылығы – ол пайда мен зияндар туралы есептің әрбір көрсеткіші ақшамен қаншалықты қамтамасыз етілгенін талдауға мүмкіндік береді. Жанама әдістің көмегімен тек операциялық қызметтің ақша қозғалысы жасала алады. Инвестициялық және қаржылық қызмет түрлері бойынша ақша қаражаттарының қозғалысы тек тікелей әдіспен ғана дайындалады.

Бұл әдістің басты кемшілігі – есепті дайындау үшін қаржылық есептіліктің басқа нысандарының, атап айтқанда бухгалтерлік баланстың, пайда мен зияндар туралы есептің мәліметтерінің қажет болуы. Ал, қалыптасқан тәжірибеде қаржылық есептілін нысандарының толық, тексерілген нұсқасы 1-тоқсанның соңына қарай (31 наурыз) дайын болатынын ескерсек, ақша қаражаттарының қозғалысының есебін жанама әдісті қолдана отырып жылдам дайындау мүмкін болмайды. Сонымен бірге, есепті дайындау үшін ақшалай емес сипаттағы, айналыс капиталындағы өзгерістер туралы ақпарат жинақтау қажет. Мұндай ақпарат кәсіпорынның қаржылық есептілігінде көрініс таппайды, шоттар бойынша айналыс сомасы керек.

Осындай өзгешеліктерге байланысты тікелей және жанама әдістермен есептелген таза ақша ағымы келесідей себептерге байланысты өзара сәйкес келмеуі мүмкін:

– жанама әдісте есепті жылғы пайда операциялық қызметтің ағымы ретінде танылады. Бірақ есепті жылғы пайданың бір бөлігі инвестициялық қызметтен (активтерді сату, дивиденд) қалыптасуы мүмкін;

– жанама салықтардың әсері. Тікелей әдісте кірістер мен шығыстар құрамында жанама салықтар отыр, ал жанама әдісте олардың нетто шамасы алынады;

– дебиторлық және кредиторлық берешектердің әсері. Ақша қаражаттарының ағымын жанама әдіспен есептеу барысында кредиторлық және дебиторлық берешектер операциялық қызметке жатқызылады, бірақ олардың инвестициялық қызметке де қатысы болуы мүмкін;

– ақшалай емес есеп айырысулар. Тікелей әдісте ақшалай емес есеп айырысулар мүлдем ескерілмейді, ал жанама әдісте оларға бақылау жасалады.

Осылайша, ақша қаражаттарының қозғалысының есебін дайындау технологиясымен байланысты мәселелерді, оларды шеші жолдарын шартты түрде келесідей топтастыруға болады:

1. Еепті дайындау әдісімен байланысты мәселелер.

Ақша қаражаттарының қозғалысының есебін дайындаудың тікелей әдісіне тән мәселелер жанама әдісті қолдану жолымен шешілуі мүмкін, дегенмен жанама әдісті қолданудың да өзіндік кемшіліктері жеткілікті, оны қолданудан жаңа мәселелер туындауы да мүмкін. Сол себепті ақша қаражаттарының қозғалысының есебін дайындаудың тиімдірек әдісі болып тікелей әдіс саналады, осы әдіске тән кемшіліктерді есепті автоматтандыру деңгейін жоғарылату мен ақша қаражаттары қозғалысының бірегей жіктеуішін дайындау мен тәжірибеге ендіру арқылы жүзеге асыруға болады.

2. ҚЕХС сәйкес дайындалатын ақша қаражаттарының қозғалысының есебінің икемділігімен байланысты туындайтын мәселелер.

Қазақстандық тәжірибеде аталған есептің нысаны (түрі, баптар) қатаң белгіленген, барлық компаниялар оны ұстануға тырысады. ҚЕХС сәйкес, керісінше, есептің құрылымы мен баптарын компанияның өзі анықтайды, бекітілген типтік нысан түрі жоқ. Сол себепті есепті дайындау мен ұсынуда оның мақсатын, шешім қабылдаушы тұлға (компания менеджменті, инвесторлар, серіктестер) үшін ақпараттың құндылығы мен пайдалылығын ескеру керек.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарының қазақ тіліндегі ресми мәтіндері [Электрондық ресурс]. – URL: – <http://www.minfin.gov.kz>.

2. ҚР Үкіметінің 12.12.2011 ж. №451 бұйрығымен бекітілген «Халықтық IPO» Бағдарламасы .

3. Beaver W.H. (1966) 'Financial Ratios as Predictors of Failure', Journal of Accounting Research (Supplement), P. 71-111.